

**«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық
ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі
талдауды жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Булаев қаласы

20 мамыр 2024 жыл
15-00 сағат

Төрағалық етті: Сағындықова Г.Т. кәсіпорын директоры

Өткізу орны: кәсіпорынның акт залы

қатысты:

Байқау кеңесінің төрағасы Ткачева И.Г.

Кәсіпорын қызметкерлері

Кәсіпорын кәсіподақ комитетінің төрағасы Ахметова А.Ж.

Қатысушылар: 31 адам

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары

Тыңдады:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында кәсіпорында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері талқыланды. Осылайша келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

1. Мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартының 7.7-тармағына сәйкес «Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты ол бұзылған жағдайда авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса) қайтармайды». 2023 жылғы 31 сәуірден 2024 жылғы 31 сәуірге дейінгі кезеңде жүргізілген талдау осы кезеңде кәсіпорын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне 4 жосықсыз өнім берушіні енгізгенін және бұл мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың қамтамасыз етілуі Тапсырыс берушінің шотына түспегенін және бұл қамтамасыз етудің қайда кететіні белгісіз екенін көрсетті.

2. "СҚО әкімдігінің қаржы басқармасы" КММ 16.02.2022 жылғы №391 "Мүлікті бекіту туралы" бұйрығына сәйкес "Облыстық фтизиопульмонология орталығы" ШЖҚ КМК балансынан "Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық

ауруханасы" ШЖҚ КМК балансына СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Шоссейная көшесі, 5 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан аурухана кешені (оңалту орталығы) берілді. Осылайша, 2023 жылы жүргізілген талдау кәсіпорын үшін осы аурухана кешеніне қызмет көрсету мен күтіп ұстаудың тиімсіз екенін көрсетті. Осыған байланысты бұл нысанды басқа мақсаттарда пайдалану үшін аудандық деңгейге беру қажет.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары туралы ақпарат назарға алынды.

Ұсынымдар

1. Мемлекеттік сатып алудың үлгілік шартының 7.7-тармағына және Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңына және электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларына сәйкес келтіру үшін мемлекеттік сатып алудың электрондық порталына қызмет көрсететін техникалық қолдау хатына және уәкілетті органға бастамашылық жасау қажет.
2. Уәкілетті органға аурухана кешенін (оңалту бөлімшесін) басқа мақсаттарға аудандық деңгейге беру туралы хатқа бастамашылық ету қажет

**«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ
«Мағжан Жұмабаев ауданының
аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры**



Сағындықова Г.Т.

Хатшы, заңгер

Қозуев Д.Т.